

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының

2004 жылдың 26 қазанындағы №
140/0 шешімімен

Б е к і т і л г е н

2005 жылдың 24 қаңтарынан бастап

Қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің
есеп-шоттарын сауда-саттық жүйесінде
кодтау тәртібі бойынша
НҰСҚАУЛЫҚ

Алматы қ.

2004

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) "Қазақстан қор биржасы" АҚ барлық ішкі құжаттарында "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" аталған жерлерде ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" (барлық септіктерде) немесе ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ" (барлық септіктерде) деген сөздері ""Бағалық қағаздар орталық депозитарийі" АҚ" деген сөздеріне ауыстырылды.
2. **№ 1 өзгертулер:**
 - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы № 177/5 шешімімен бекітілген;
 - 2008 жылдың 22 желтоқсанында қолданысқа енгізілді.

Осы Нұсқаулық "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерінің қаржы құралы мен теңгедегі жайғасымын есепке алу мақсатында сауда-саттық жүйесінде ашылатын есеп-шоттарына кодтар беру тәртібін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Нұсқаулықта пайдаланылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"нарық"** – Биржа қызмет көрсететін ұйымдастырылған қаржы нарығының бөлігі, басқа бөліктерден саудаланатын қаржы құралдарының түрімен, сауда-саттық ережелері мен есептесуімен, сондай-ақ сауда-саттық жүйесінің баптауларымен өзгешеленеді (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) **"ақшалай есеп-шот"** – Биржа мүшесінің теңгедегі ұстанымдарын есепке алуға арналған есеп-шот (жеке немесе клиенттік);
 - 3) **"клиенттік есеп-шот"** – Биржа мүшесінің өз мүддесіне мәміле жасасқанда, Биржа мүшесінің (қаржы құралдарындағы немесе теңгедегі) ұстанымдарын есепке алуға арналған есеп-шоты (сауда-саттық немесе ақшалай);
 - 4) **"жеке есеп-шот"** – Биржа мүшесінің өз мүддесіне мәміле жасасқанда, Биржа мүшесінің (қаржы құралдарындағы немесе теңгедегі) ұстанымдарын есепке алуға арналған есеп-шоты (сауда-саттық немесе ақшалай);
 - 5) **"сауда-саттық есеп-шоты"** – Биржа мүшесінің қаржы құралдарындағы ұстанымдарын есепке алу есепке алуға арналған есеп-шоты (жеке немесе клиенттік);
 - 6) **"сауда-саттық жүйесі"** – Биржа өткізетін сауда-саттыққа жіберілген қаржы құралдарымен мәміле жасауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
 - 7) **"Орталық депозитарий"** – "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" (*осы абзац Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*).
2. Биржа мүшесіне сауда-саттық жүйесінде жеке, сондай-ақ, клиенттік есеп-шоттары ашылуы мүмкін.
3. Әр бір нарық бойынша бір Биржа мүшесіне сауда-саттық жүйесінде (*осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*):
 - 1) бір жеке сауда-саттық есеп-шоты;
 - 2) бір жеке ақшалай есеп-шоты;
 - 3) клиенттік сауда-саттық және ақшалай есеп-шоттарының шектелмеген саны ашылуы мүмкін.
4. Биржа мүшесінің өтініші негізінде аталған Биржа мүшесіне сауда-саттық жүйесіндегі есеп-шотын Сауда-саттық департаменті ашады, бұл өтініш айтылмыш Департамент пен Биржа мүшесінің өзара қарым-қатынасында қолданылатын кез келген тәсілдермен берілуі мүмкін (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

2 бап. Сауда-саттық есеп-шоттарының кодтары

1. Мемлекеттік және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардағы жеке немесе клиенттік сауда-саттық есеп-шоттары ретінде (соның ішінде репо операциясының заты болып табылатыны) Орталық депозитарийдің есепке

алу жүйесіндегі қосалқы шоттарының нөміріне сәйкес келетін он таңбалы нөмірі қолданылады (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерден басқа).

Егер, тікелей мәміле әдісімен жасалып, тіркеуші арқылы есептесулер жүзеге асырылатын мәміленің заты болып Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне кірмеген бағалы қағаздар болып табылса, осындай мәміле жасасқанда, кодтары "REG_BROKER" (тек жеке есеп-шоттар үшін) және/немесе "REG_CLIENT" (клиенттік есеп-шоттар үшін) таңбаларынан тұратын, сауда-саттық есеп-шоттары пайдаланылады.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардан басқа қаржы құралдарындағы жеке немесе клиенттік сауда-саттық есеп-шотының коды:
 - 1) сауда-саттық жүйесінің баптауларына сәйкес, нарықтың бір әріптік белгісінен¹ (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) "_" таңбасынан (астын сызу);
 - 3) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін белгілейтін үш цифрдан;
 - 4) "_" таңбасынан (астын сызу);
 - 5) сауда-саттық есеп-шотының реттік санын белгілейтін төрт цифрдан² тұрады

3. Ақшалай есеп-шоттарының кодтары

1. Жеке немесе клиенттік ақшалай есеп-шотының коды:
 - 1) сауда-саттық жүйесінің баптауларына сәйкес нарықтың бір әріптік белгісінен¹ (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 2) "_" таңбасынан (астын сызу);
 - 3) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін белгілейтін үш цифрдан;
 - 4) "_" таңбасынан (астын сызу);
 - 5) ақшалай есеп-шоттың реттік санын белгілейтін төрт цифрдан² тұрады.
2. Бір Биржа мүшесіне (Биржа мүшесінің клиентіне) қатысты, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті қосалқы есеп-шотының он таңбалы нөмірін, сондай-ақ, "REG_BROKER" және "REG_CLIENT" таңбаларын, сауда-саттық есеп-шот коды ретінде пайдалану жағдайларынан басқа, ақшалай есеп-шотының коды сауда-саттық есеп-шотымен бірдей болуы тиіс.

Президент

А.М.Жолдасбеков

¹ Нарықты белгілеу үшін латын әліпбиінің бас әріптері қолданылады.

Нарықтардың бір әріптік белгісінің мысалдары: шетел валютасының нарығы – "F" ("foreign exchange" ("шетел валютасы") ағылшын сөз тіркесінен қысқартылған, мерзімдік келісімшарттар нарығы – "D" ("derivative" ("туынды") ағылшын сөзінен қысқартылған)

(*Осы сілтеме Биржа Басқармасының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген*).

² Жеке есеп-шотты белгілеу үшін "0000" тіркесімін пайдаланады, клиенттік есеп-шоттарын белгілеу үшін "0000" тіркесімінен басқа кез келген қайталанбайтын цифрлік тіркесімдерін қолданады.